



• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жаңашыл мазмұндағы жарқын қадам

Өткен аптада Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова аймаққа жұмыс сапарымен келді. Сапар аясы ауқымды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен бірқатар кездесулер мен кеңестер өткізді. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандарды аралап, аймақтың әлеуметтік дамуындағы жаңашылдықтармен танысып, Президент жүктеген тапсырмалардың іске асырылуын бағамдады. Шешімін күткен мәселелерін түртін алды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл медицинасын дамыту – өзекті

Вице-премьердің жұмыс сапары Бұқар жырау ауданының Самарқанд ауылынан басталды. Мұнда қазір «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүріп жатыр. Бұрынғы ғимарат өртеніп, дәрігерлер науқастарды бейімделген орында қабылдауға мәжбүр. Құрылыстың аяқталуын Самарқандтың 1300 және жақын маңдағы төрт ауылдың тұрғындары күтуде. Мамандардың айтуынша, аяқталуға жақын.

– Жаңа ғимарат құрылысына тұрғындардың барлығы қуанышты. Мұнда процедуралық кабинет, зертхана жұмыс



істейді. Физיותרпиялық ем мен иммунопрофилактика жүргізіледі. Дәрі-дәрмек қоймасы да болады. Тұрғындар өздеріне тиесілі тегін дәріні алу үшін енді қалаға

немесе ауданға сабылмайды, – деді медбике Әсем Жаудина.

Жалпы Қарағанды облысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдар-

ламасы аясында 92 нысанның құрылысы жоспарланған. Оның 14-і былтыр пайдалануға берілді. Ал, осы жылдың соңына дейін тағы 27 нысан ашылады. Қалған-

дары келесі жылы бітуі тиіс. Бұл – Мемлекет басшының тапсырмасына сәйкес ауыл тұрғындарын қолжетімді әрі сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың бірі. Бұл ретте «Ауыл аманаты» бағдарламасын да айтып өту керек.

«Ауыл аманатының» қолдау аясы артады

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында оның тиімділігін жоғары бағалады әрі оны одан әрі жандандыру қажеттігін айтқан болатын. Тамара Дүйсенова «Ауыл аманаты» бағдарламасына биыл қосылған Петровка ауылының тұрғыны Темірлан Қанатовтың кәсібімен де танысты. Жас кәсіпкер ауылда өз ісін дамытуға көздейді. Жеңілдетілген несие рәсімдеп, 11 сауын сиырды сатып алған. Сүтін жергілікті кәсіпорындардың біріне өңдеуге өткізіп отыр.

– Ауыл тұрғындары үшін осындай бағдарлама болғаны тиімді, – дейді Темірлан Қанатов. – Ең бастысы – өнімді өткізу жүйесін қалыптастыру. Бізде мұндай мүмкіндік бар. Бұл жағынан еш мәселе жоқ. Сүт жақсы өтеді. Одан түскен қаражатқа жемшөп сатып алдым, электр қуаты ақын төлемді, малға қыстық орын дайындадым. Болашақта кәсіпімді дамытып, сүт өңдеу мен сүт өнімдерін өндіру цехын ашқым келеді.

► 2-бет

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылушылар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• БАСПАСӨЗ – 2025

Елу жыл біргемін!

Ертеде Қарағандыда екі қарашырақ болатын. Бірі – Сәкен театры болса, бірі – «Ortalyq Qazaqstan» редакциясы. Сол газетті елу жыл болды, үзбей оқып келемін. Жансерігіме айналды. Асыға күтеміз. Облысымыздың айнасы іспетті. Өңіріміздің барлық тыныс-тіршілігінен хабардар болып отырамын. Әсіресе, өзін мәдениет, руханият тақырыбында жазылатын мақалаларды жата-жастана оқимын. Газеттегі жас журналистердің тақырыпты аша білетініне іштей риза болып отырамын.

Мұнымен қоса, Сәкен театрының әр жеткен жетістігін, біздің мерейлі сәттерімізді, қуанышымызды да жарк

еткізіп, Арқа жұртына сүйіншілеп отырады.

Бұған дейін почтаға, я болмаса, редакциядан жазылып жүретінім. Өткенде «Kaspi.kz» қосымшасы арқылы жазылуға болады дегенде, шынымен, қуандым. Сол мезетте жазылып үлгердім. Рухани байлығымыз бола білген аймағымыздағы бас басылымға бар жақсылықты тілейміз. Жаңашылдығымен жасай бер, менің сүйікті газетім!

Кенес ЖҰМАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
Қазақстанның Халық әртісі



• ӨЗЕКТІ

Қар екі ауысымда тазаланады

Қарағанды түскен қарды тазалауға сақдай сай. Одан бөлек, автомобиль жолдары қысқы күтін ұстауға дайындық белсенді жүргізілуде. Қарағанды әкімдігінің хабарлауынша, барлық жұмыстар бірнеше негізгі кезеңдерге бөлінген. Ал, қауіпсіздік әрі үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін арнайы күш пен құралдан кемдік жоқ. Жұмыстар екі ауысымда жүргізіледі.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі күні Қазыбек би атындағы аудан бойынша күндізгі ауысымда 110 мамандандырылған техника жұмыс істейді. Сондай-ақ, жүзге тарта жұмысшы бар. Олар жол бойындағы қарды тазалайды. Ал, түнгі ауысымдағы жұмыс үшін 30-35 арнайы техника бөлінген және елуге тарта жұмысшы бар. Қарағанды қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, арнайы техниканың негізгі бөлігі түнгі ауысымда. Бірақ, мұның барлығы қардың түсуіне байланысты.

Көктайғақпен күресу үшін инертті материалдардың қажетті қорлары дайындалғанын да айту керек. Қазірдің өзінде Қазыбек би атындағы аудан бой-



ынша 220 тонна құм-тұз қоспасы себілген. Жалпы, аталған аудан аумағында автомобиль жолдарын күтін ұстау, сондай-ақ, қала көшелерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қыс мезгілінде 220-дан астам техника дайын.

Негізгі техниканың ішінде механикаландырылған жол-құрылыс жұмыстарына арналған 28 машина, 26 МТЗ тракторы, 21 фронтальды тиегіш, 16

табанды тиегіш, 10 грейдер, 120 түрлі техника, сондай-ақ, 160 жол жұмысшысы бар. Жұмыстар екі ауысымда жүргізіледі. Ал, қалың қар жауған жағдайда жүк көлігі, грейдерлер мен тиегіштерді қоса алғанда, қосымша 90 бірлік арнайы техника жұмылдырылатын болады. Одан бөлек, техниканы жалға алу да қарастырылған.

11 қарашада Әлихан Бөкейхан ау-

данының автомобиль жолдарын қардан аршу және тазалауға 55 мамандандырылған техника мен 50 жұмысшы жұмылдырылғанын айту керек. Атап айтқанда, жүріс бөлігін сыпыру, құм-тұз қоспасын себу және аялдама қалталары мен кіреберістерді тазалау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда аталған аудан бойынша 800 тоннадан астам құм-тұз қоспасы себілді.

Қала бойынша көктайғақпен күресу үшін инертті материалдардың қоры жеткілікті. Қазірдің өзінде 13 мың тонна құм-тұз қоспасы сатып алынды. Сондай-ақ, тағы 10 мың тоннаға тапсырыс берілген. Бір маусымда 25 мың тонна құм-тұз қоспасы себілді деген болжам бар.

Жауапты мердігер ұйымдар көктайғаққа қарсы материалдарды сатып алуды жалғастыруда. Сондай-ақ, мамандандырылған техниканы дайындау аяқталды. Оның ішінде 2 автогрейдер, 5 МТЗ тракторы, 2 МДК және 1 табанды тиегіш сатып алынды.

Жұмыстар жүргізілуі тиіс жолдардың жалпы ұзындығы – 417 шақырымды құрайтын 185 көше және 210-нан астам орамшылқ өтпе жолдар. Сондай-ақ, ұзындығы 183 шақырым болатын жаяу жүргінші жолдары бар.

Қазыбек би ауданының аумағында екі қар полигоны жұмыс істейді, оларға қарды тиімді көдеге жарату үшін мердігер ұйымдар бекітілген.

